

**Астана қаласы әкімдігінің
№92 «Жауқазын» балабақшасы МКҚК
Балабақшада буллингтің алдын алу жөніндегі
ІШКІ ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ішкі ереже балабақшада тәрбиеленушілердің қауіпсіз, қолайлы және құрметке негізделген білім беру ортасын қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

1.2. Ереже балабақша қызметкерлері, тәрбиеленушілер және ата-аналар (занды өкілдер) үшін міндетті болып табылады.

1.3. Балабақшада буллингке қатысты нөлдік төзімділік қағидаты қолданылады.

2. Негізгі ұғымдар

2.1. Буллинг – бір баланың немесе балалар тобының басқа балаға жүйелі түрде психологиялық, физикалық немесе әлеуметтік қысым көрсетуі.

2.2. Буллингтің негізгі түрлері:

психологиялық (мазақтау, кемсіту, қорқыту);

физикалық (ұру, итеру, заттарын тартып алу);

әлеуметтік (оқшаулау, ойыннан шеттету).

2.3. Буллингке қатысушылар: жәбірленуші, агрессор, куәгер.

3. Ереженің мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: балабақшада буллингтің алдын алу және балалар үшін қауіпсіз орта қалыптастыру.

Міндеттері:

- буллинг белгілерін ерте анықтау;
- балалар арасында сыйластық пен мейірімділікке тәрбиелеу;
- педагогтер мен ата-аналардың жауапкершілігін арттыру;
- буллинг жағдайларына дер кезінде әрекет ету.

4. Қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Тәрбиеленушілердің құқықтары:

қауіпсіз және қамқор ортада болу;

қорлаусыз, кемсітусіз тәрбиелену;

көмек сұрау.

4.2. Тәрбиеленушілердің міндеттері:

басқа балаларды ренжітпеу;

топ ережелерін сақтау.

4.3. Педагогтердің міндеттері:

- балалар арасындағы қарым-қатынасты тұрақты бақылау;
- буллинг белгілерін дер кезінде анықтау;
- анықталған жағдай туралы меңгеруші мен психологқа хабарлау.

4.4. Ата-аналардың міндеттері:

- баланың мінез-құлқына жауапкершілікпен қарау;
- балабақшамен ынтымақтастықта болу;
- алдын алу жұмыстарына қатысу.

5. Буллингтің алдын алу шаралары

- 5.1.Балалармен тәрбиелік әңгімелер, ойындар, тренингтер өткізу.
- 5.2.Психологтың профилактикалық және түзету жұмыстары.
- 5.3.Ата-аналарға арналған ақпараттық түсіндіру.
- 5.4. Педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету.

6. Буллинг анықталған жағдайда әрекет ету тәртібі

- 6.1.Педагог буллингті дереу тоқтатады.
- 6.2.Меңгерушіге және педагог-психологқа хабарлайды.
- 6.3.Оқиға арнайы тіркеу журналында белгіленеді.
- 6.4.Буллинг жағдайы комиссияда қаралады.
- 6.5. Ата-аналар (заңды өкілдер) хабардар етіледі.

7. Жауапкершілік

- 7.1. Осы Ішкі ережені бұзған тұлғаларға қатысты қолданыстағы заңнамаға сәйкес шаралар қабылданады.
- 7.2. Ереженің орындалуын бақылау балабақша меңгерушісіне жүктеледі.

8. Қорытынды ережелер

- 8.1. Осы Ішкі ереже балабақша меңгерушісінің бұйрығымен бекітіледі.
- 8.2. Ереже барлық қызметкерлер мен ата-аналарға таныстырылады.
- 8.3. Ереже бекітілген күннен бастап күшіне енеді.